

**Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 шілдедегі № 948 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 196 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 196 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі* Қазақстан Республикасының  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметінің *К. Мәсімов*  
2012 жылғы 19 шілдедегі  
№ 948 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес

ә з і р л е н г е н .

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер мен ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.

## 2. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газ бағасын есептеу тәртібі

3. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық операторға шикі газ өткізілген жағдайда оның бағасын жер қойнауын пайдаланушы мынадай формула бойынша есептейді:

$$P_c = C_p + TC + R$$

м ұ н д а ,

$P_c$  – мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың бағасы, мың текше метрі үшін теңге;

$C_p$  – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде мың текше метрі үшін теңгемен шикі газ өндірудің өндірістік өзіндік құны, ол өткен күнтізбелік жыл үшін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_p = \frac{C_f \times \frac{(G_p \times 0.857)}{O_p + (G_p \times 0.857)} \times r}{G_p}$$

м ұ н д а ,

$C_f$  – жер қойнауын пайдаланушының аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, жер қойнауынан жер үстіне пайдалы қазбаларды шығарумен және оларды бастапқы қайта өңдеумен (байытумен) тікелей байланысты өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнай мен шикі газ өндірудің өндірістік өзіндік құны, теңге;

$C_p$  – өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі газды өндіру көлемі, мың текше метр;

$O_p$  – өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнай өндірудің көлемі, тонна;

0,857 – шикі газдың мың текше метрін тоннаға ауыстыру коэффициенті;

$r$  – мынадай формула бойынша айқындалатын құндық коэффициент:

$$r = \frac{G_p \times AEP_c}{O_p \times AEP_o}$$

$G_p$  – өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі газды өндіру көлемі, мың текше метр;

$O_p$  – өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнай өндірудің көлемі, тонна;

$AEP_G$  – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, тауарлық газды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау жөніндегі шығыстарды шегере отырып, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жариялайтын кедендік статистика деректері бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы тауарлық газдың өткен күнтізбелік жылғы орташа өлшенген экспорттық бағасы, мың текше метрі үшін теңге;

$AEP_O$  – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, шикі мұнайды Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жариялайтын кедендік статистика деректері бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы шикі мұнайдың өткен күнтізбелік жылғы орташа өлшенген экспорттық бағасы, тоннасы үшін теңге;

ТС – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, шикі газды ұлттық операторға өткізудің жоспарланатын орнына дейін оны тасымалдауға арналған шығыстар, мың текше метрі үшін теңге;

R – ұлттық операторға N% мөлшерінде шикі газды өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының рентабельділігі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = C_p \times N$$

N – жер қойнауын пайдаланушы белгілейтін, бірақ 10 пайыздан аспайтын мән

### **3. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газ бағасының есебі**

4. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық операторға тауарлық газ өткізілген жағдайда, оның бағасын жер қойнауын пайдаланушы мынадай формула бойынша есептейді:

$$P_c = (C_p + C_{RE}) \times r + TC + R$$

М Ұ Н Д А Ғ Ы ,

$P_c$  - мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газдың бағасы, мың текше метр үшін теңге;

$C_p$  - жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде мың текше метр үшін теңгемен шикі газ өндірудің өндірістік өзіндік құны, ол өткен күнтізбелік жыл үшін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_p = \frac{C_F \times (G_p \times 0.857)}{O_p + (G_p \times 0.857)}$$

$$C_p = \frac{C_F \times G_p}{O_p + (G_p \times 0.857)}$$

М Ұ Н Д А Ғ Ы ,

$C_F$  - халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес аудиторлық есептермен расталған, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер үстіне шығарумен және оларды бастапқы қайта өңдеумен (байытумен) тікелей байланысқан, жер қойнауын пайдаланушының аяқталған қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнай мен шикі газ өндірудің өндірістік өзіндік құны , т е ң г е ;

$G_p$  - өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі газды өндіру көлемі, мың текше метр;

$O_p$  - өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнайды өндіру көлемі, тонна;

0,857 - шикі газдың мың текше метрін тоннаға ауыстыру коэффициенті;

$C_{RE}$  - өткен күнтізбелік жылы өндірілген шикі газдан тауарлық газды өндірудің мынадай формула бойынша айқындалатын өзіндік құны:

$$C_{RE} = \frac{C_{FG} \times Q_G}{Q_{CG}}$$

М Ұ Н Д А Ғ Ы ,

$C_{FG}$  - халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес аудиторлық есептермен расталған, шикі газды

қайта өңдеумен тікелей байланысқан және мұнай мен шикі газды өндірудің өзіндік құнының құрамына кірмейтін, жер қойнауын пайдаланушының аяқталған қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есептілігі негізінде айқындалатын өткен күнтізбелік жылы шикі газды қайта өңдеудің жалпы өзіндік құны, мың текше метр үшін теңге ;

$Q_G$  - тауарлық газды өндіру көлемі, мың текше метр;

$Q_{CG}$  - қайта өңдеуге жіберілген шикі газдың көлемі, мың текше метр;

$r$  - мынадай формула бойынша айқындалатын 0-ден 1-ге дейінгі диапазондағы құндық коэффициент:

$$r = \frac{G_p \times AEP_G}{O_p \times AEP_O}$$

м ұ н д а ғ ы ,

$G_p$  - өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі газды өндіру көлемі, мың текше метр;

$O_p$  - өткен күнтізбелік жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнайды өндіру көлемі, тонна;

$AEP_G$  - табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, тауарлық газды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау жөніндегі шығыстарды шегере отырып, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жариялайтын кедендік статистика деректері бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы тауарлық газдың өткен күнтізбелік жылы орташа өлшенген экспорттық бағасы, мың текше метр үшін теңге;

$AEP_O$  - табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, шикі мұнайды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау жөніндегі шығыстарды шегере отырып, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жариялайтын кедендік статистика деректері бойынша есептелетін Қазақстан Республикасының шекарасындағы шикі мұнайдың өткен күнтізбелік жылы орташа өлшенген экспорттық бағасы, тоннасы үшін теңге;

$TC$  - табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтердің негізінде айқындалатын, тауарлық газды ұлттық операторға өткізудің жоспарланатын орнына дейін оны тасымалдауға арналған шығыстар, мың текше метр үшін теңге;

R - ұлттық операторға N% мөлшерінде тауарлық газды өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының рентабельділігі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = (C_p + C_{RE}) \times r \times N$$

м ұ н д а ғ ы ,

N - жер қойнауын пайдаланушы белгілейтін, бірақ 10 пайыздан аспайтын мән

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1278 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК